ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 13 маусым №7119-24-00-2/6609 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ МКК)

ЖАУАПКЕР:

"Marsel2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей" ШЖҚ МКК жауапкер "Marsel2019» ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Marsel2019» ЖШС БСН 231140016396 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Marsel2019» ЖШС БСН 231140016396 мемлекет пайдасына 1 865 (бір мың сегіз жүз алпыс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Marsel2019» ЖШС БСН 231140016396 Астана қаласы әкімдігінің «№27 мектеп-лицей" ШЖҚ МКК БСН 840940000016 пайдасына 625 (алты жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 13.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.07.2024, судья Нұрланов Б. К., 28.08.2024

7119-24-3-1/6078